

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
«Балапан» ортаңғы тобының 2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Қыркүйек айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан - жаққа көтеру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар: Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару; Спорттық ойын элементтері: кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру; Дербес қимыл белсенділігі: Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Сөздік қор. Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Тілдің грамматикалық құрылымы сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, Байланыстырып сөйлеу. суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға

	және есте сақтауға үйрету. Сөздік қоры: туыстарын (әке, ана, ата, әже, апа және басқалары) білдіретін сөздердің мағынасын, үй тұрмысындағы кейбір заттардың, жемістердің атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: сөз тіркестерін және сөйлеудің байланысты бөліктерін түсінуге үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер).
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға; Мәнерлеп оқу. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету
Математика негіздері	Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру; Командада жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру; Математика негіздері Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Шама: ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: Келесі дағдыларды қалыптастыру: әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру Қағаздан құрастыру: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Конструктор бөлшектерінен құрастыру: Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Менің отбасым. отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру; Ересектердің еңбегі. Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;
Жапсыру	- балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу.
Музыка	-Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: -әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.

	-музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; -мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру және оның кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге сәйкес ойынның бір кезеңінен келесісіне өту.
--	--

Қазан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар: жүгіру, шашырап, шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтауды үйрету Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. Спорттық жаттығулар: Машинаны ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару; Спорттық ойын элементтері: .Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. Дербес қимыл белсенділігі: Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; Мәдени- гигиеналық дағдылар: Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді үйрету.
Сөйлеуді дамыту	- дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту; Сөздік қор: - заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; Тілдің грамматикалық құрылымы: - зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану; Байланыстырып сөйлеу: - шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;

Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөйлеуді тыңдауға, есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды айтуды үйрету: а,ә о,ө,ү,ұ у, е, и, ы, е, ю, я. - ойыншықтардың, кейбір тұрмыстық заттардың, көкөністер мен жемістердің, жануарлардың атауларын түсінуді және қабылдауды; -қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс айтылуын; - жақын ортадағы кейбір заттарды атай білуді қалыптастыру. Заттардың көлемін, түсін, олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді үйрету, сөз тіркестерін түсіну және оларды байланыстыру әдісімен (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) құрастыруды үйрету.
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. - кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға;
Математика негіздері	- бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау; - заттарды салыстыру; ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;
Қоршаған ортамен танысу	табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін қалыптастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. - бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: - сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
Жапсыру	-Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.
Сурет салу	-Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. -түзу, тік сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, жол), парак бетінде бейнені орналастыру;

Музыка	Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды үйрету -әннің мағынасын түсінуге үйрету Ән айту: -ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, ересекпен қосылып ән айтуға үйрету -әнді топпен айтуға үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. -музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; -қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу
---------------	---

Қараша айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруді; шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүруді, белгі бойынша тоқтап жүруді; жүруде тепе-теңдікті сақтайуды үйрету.
Сөйлеуді дамыту	- артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор: - балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту; - сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Байланыстырып сөйлеу: - ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;

Қазақ тілі	Байланыстырып сөйлеу. Жай сөйлемдерді: 1) қарапайым сұрақтарды түсіну және оларға қысқа сөйлем түрінде дұрыс жауап берумен; 2) балалардың қысқа тақпақтар мен әндерді есте сақтауы жолымен құрастыру. Байланыстырып сөйлеуді және сөйлеу кезінде сөздерге дұрыс екпін қоя білуді дамыту.
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. 3) тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға;
Математика негіздері	- заттардың бір тобын екіншісіне бірізділікпен беттестіру және қосу; - ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; - биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.
Қоршаған ортамен танысу	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: күзгі, қысқы табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту;
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. - ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру; - көп түсті құрылым құрастыру;
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: - алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.

Желтоқсан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: өрмелеу, лақтыру допты нысанаға лақтыруды; доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатуды үйрету.
Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор.

	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Байланыстырып сөйлеу: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
Қазақ тілі	Әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарауды үйрету. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтуды қалыптастыру. Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.
Математика негіздері	Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем: Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Көлік, байланыс құралдары Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Менің Отаным - Қазақстан Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Сурет салу	көркемдік қабылдауды дамыту,

	заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу,
Жапсыру	материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру
Музыка	балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; музыка тыңдау. педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту

Қаңтар айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: секіру, тепе-теңдік сақтау; Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші

	сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.
Қазақ тілі	қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.

Сурет салу	балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге үйрету дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
Жапсыру	материалдарды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
Музыка	музыка мен әнді қабылдауға баулу музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.

Ақпан айы

Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды ойындар қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалатуды үйрету
Сөйлеуді дамыту	Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.
Қазақ тілі	Шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;

Көркем әдебиет	Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану
Математика негіздері	Сан. «Көп», «бір» ұғымдарын қолданып, заттардың санын, көп-біреу, біреу-көп біртекті заттардың санын ажыратуға үйрету. Шама. Өлшемі бойынша ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем салыстыруды үйрете отырып, шаманың берілген белгісін анықтауды үйрету. Геометриялық фигура. Ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыруға үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халықының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.
Мүсіндеу	Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін білуді және мүсіндейтін затты зерттеуді үйрету.
Сурет салу	заттар туралы түсініктерді, бейнелеу әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда) ұрастырып орналастыруды үйрету
Музыка	Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу

Наурыз айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	жалпы дамытушы жаттығуларды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; . Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.
Сөйлеуді дамыту	Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық атауға үйрету. Дұрыс сөйлеу қарқынына баулу.
Қазақ тілі	Балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету.
Көркем әдебиет	Ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.

Математика негіздері	Сан. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу. Шама. Тең және тең емес заттар тобын салыстыруды үйрету. Геометриялық фигура. Ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыруға үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру
Құрастыру	Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Құрастыруды қызығушылықпен орындауға қалыптастыру.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру.
Сурет салу	Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Жапсыру	Жапсыруда құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден) үйрету
Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Сәуір айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге үйрету. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею.
Сөйлеуді дамыту	Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету. Естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады.
Қазақ тілі	Түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау.
Көркем әдебиет	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.

Математика негіздері	Сан. Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу. Шама. бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. Геометриялық фигура. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттеуді қалыптастыру.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарын жасауды үйрету, заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндеуді қалыптастыру.
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау
Жапсыру	Ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету
Музыка	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру

Мамыр айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбанды жүру).
Сөйлеуді дамыту	Тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтуды үйрету. Ертегілерді ересектермен бірге ойнауға үйрету.
Қазақ тілі	Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу

Математика негіздері	Сан. «Көп», «бір» ұғымдарын ажыратуды үйрету.. Шама. біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. Геометриялық фигура. қарама-қарсы тәулік бөліктерін білуді үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.
Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексازдан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Музыка	Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту